

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№276

2015 жылғы 27 ақпан

**Облыстық мәслихаттың кезектен
тыс жиырма тоғызыншы сессиясы
жалпы отырысының күн тәртібі
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы:**

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 250 «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Хабарламашы: Р.Ә.Айдашева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

2. Ақтөбе қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы.

3. Ақтөбе қаласы бойынша 2015 жылы субсидиялауға жататын, әлеуметтік мәні бар залалды маршруттар тізбесін бекіту туралы.

Хабарламашы: Е.Қ.Қалдығұлов – Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары

4. «Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ қаржылық қызметіне бақылау жүргізу туралы.

5. «Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 96 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Хабарламашы: С.Ш.Орынбаев - Ақтөбе облысы бойынша

Тексеру комиссиясының мүшесі

6. «Облыс әкімдігінің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 25 тамыздағы № 410 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7. «Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызмет автомашиналарының лимиті туралы» облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 272 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ғ. ЛАТЫПОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА